**"Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 27 тамыздағы № 432 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 31 тамызда № 24172 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының , техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13227 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 3 және 5-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Білім және ғылым министрі* *А. Аймагамбетов*

*"КЕЛІСІЛДІ"*
*Қазақстан Республикасы*
*Денсаулық сақтау министрлігі*
*2021 жылғы "____" _____________*

*"КЕЛІСІЛДІ"*
*Қазақстан Республикасы*
*Мәдениет және спорт министрлігі*
*2021 жылғы "____" _____________*

*"КЕЛІСІЛДІ"*
*Қазақстан Республикасы*
*Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі*
*2021 жылғы "____" _____________*

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2021 жылғы 27 тамыздағы
№ 432 бұйрығына
1 қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 28 қаңтардағы
№ 93 бұйрығына
3 қосымша

Нысаны

## Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шарты

_________________________________________________________________ негізінде әрекет етуші (құрылтайшы құжаттардың реквизиттері) ___________________ _____________________________________________атынан, (білім беру ұйымның атауы, білім беру қызметімен айналысу үшін мемлекеттік лицензияның №) бұдан әрі "білім беру ұйымы" деп аталатын ____________________________________________________

________________ _________________________________________________________ _______ (басшының немесе басқа өкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты) бір жағынан және бұдан әрі "білім алушы" (немесе заңды өкілі) деп аталатын ___________ ____________________________________________________________ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) ___________________________________________________________ екінші жақтан, немесе ___________________________________________________ негізінде және (құрылтайшы құжаттардың реквизиттері) азамат(ша) _________________________ ____________________________________ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) мүддесі үшін әрекет етуші _____________________________________________________ _______________ (заңды тұлғасы басшының немесе басқа өкілетті тұлғаның тегі, аты, __ ______________________________________________________________________ әкесінің аты (бар болған жағдайда)) атынан, бұдан әрі "тапсырыс беруші" деп алатын _________

_______________________________________________ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның атауы) екінші жақтан төмендегілер туралы осы шартты жасады.

**1. Шарттың мәні**

1. Тапсырыс беруші немесе білім алушы (немесе заңды өкілі) тапсырады және төлейді, ал техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы білім алушыға тиісті мамандық оқыту нысаны бойынша білім беру ұйымының оқу жоспарларына сәйкес білім алушы үшін оқу процесін ұйымдастыруды және білім алушыға білім беру қызметтерін алу мүмкіндігін ұсынуды өз міндетіне алады.

**2. Білім беру ұйымының құқықтары мен міндеттері**

2. Білім беру ұйымы:

1) осы Келісімге, білім беру ұйымының жарғысына, білім беру ұйымының ішкі тәртіп қағидаларына және білім беру ұйымы қызметін реттейтін білім беру актілеріне сәйкес білім алушыдан адал және тиісті міндеттерді орындауын талап етуге;

2) білім алушыға ішкі тәртіп қағидаларында, білім беру ұйымының жарғысында және осы Шарттың талаптарында көзделген міндеттерін бұзғаны үшін ақшалай баламада көрсетілген санкциялардан басқа тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға;

3) білім алушыдан білім беру ұйымының мүлігіне мұқият карауды, компьютермен және басқа жабдықпен жұмыс істеу ережелерін сақтауды талап етуге. Білім алушының әрекеттерінен келтірілген материалдық залал болған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен оны қалпына келтіруге жұмсалған шығындар үшін өтемақы талап етуге;

4) білім алушыны білім беру, ғылыми және шығармашылық қызметте табысқа жеткені үшін марапаттауға және ынталандыруға;

5) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 тіркелген) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларында (бұдан әрі - ағымды бақылауды жүргізу қағидалары) көрсетілген себептер бойынша, сондай-ақ білім беру ұйымының Жарғысын бұзған жағдайда Шартты біржақты тәртіпте тоқтатуға құқылы;

3. Білім беру ұйымы:

1) білім алушы білім беру ұйымының Жарғысымен, ішкі тәртіп қағидаларымен, оның қызметін реттейтін білім беру ұйымының актілерімен таныстыруға;

2) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес білім алушыны оқытуды қамтамасыз етуге;

3) қабылдау емтихандарының (сұхбаттасу) қорытындылары бойынша (немесе академиялық қарыз жабылған жағдайда басқа білім беру ұйымынан ауысу арқылы)

білім ұйымының студенттері қатарына жыл сайынғы төлемнің ____% мөлшерін ол немесе тапсырыс беруші (уәкіл) төлеген жағдайда білім алушыны қабылдауға;

4) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15681 тіркелген) бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық қағидаларына сәйкес оқу жүктемесін анықтауға;

5) білім ұйымдарының кітапхана ресурстарына (оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендерге және оқу-әдістемелік құралдарға) қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

6) білім алушыларға білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу бағдарламалары шеңберінде тапсырмаларды орындау үшін компьютерлік техниканы пайдалануға мүмкіндік беруге;

7) білім беру ұйымының басшысы бекіткен білім беру ұйымының оқу жоспарына сәйкес білім алушының кәсіби практикадан өтуін ұйымдастыруға;

8) білім алушының өтініші негізінде бір мамандықтан келесі мамандыққа немесе бір оқу нысанынан басқасына, сондай-ақ, қатар басқа білім беру ұйымына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы №19 (бұдан әрі – ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары) бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10297 тіркелген) бекітілген "Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына (бұдан әрі – білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары) сәйкес ауыстыруға және қайта қабылдауға;

9) Шарт бұзылған жағдайда білім алушыға бұйрық шығарылған сәттен бастап, ағымдағы оқу жылының шығындарын есептей отырып, төленген соманы қайтаруға;

10) білім алушыға ұйымының ғылыми, мәдени және спорттық шараларына қатысуына мүмкіндік беруге;

11) оқудың толық курсын сәтті аяқтағаннан кейін және қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығымен бекітілген "Білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10348 тіркелген) тиісті нысанда білім туралы құжат беруге;

12) білім беру ұйымы таратылған немесе білім беру қызметін тоқтатқан жағдайда, білім алушыларды басқа білім беру ұйымдарында оқуын жалғастыру үшін ауыстыру жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

**3. Білім алушының құқықтары мен міндеттері**

4. Білім алушы:

1) ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларында белгіленген тәртіппен, бір білім беру ұйымынан екінші білім беру ұйымына ауысуға және қайта оқуға қабылдануға, бір мамандықтан басқа мамандыққа, ақылы оқудан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауысуға немесе бір оқыту нысанынан басқасына ауысуға;

2) оқу ақысын кезең-кезеңімен төлеуге, бұл ретте оқу шығыстары нақты ұлғайған жағдайда тараптардың келісімі бойынша жылына бір реттен артық емес төлемақы мөлшері өзгеруі мүмкін;

3) мемлекеттік емес жалпыға міндетті білім беру стандартының қосымша білім беру (ақылы және тегін) қызметтерін алуға;

4) кітапхана мен оқу залдары базасында оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттер қорына еркін қолжеткізуге және пайдалануға;

5) студенттік өзін-өзі басқару органдарына қатысуға құқылы;

5. Білім алушы:

1) білім беру ұйымының Жарғысын, ішкі тәртіп қағидаларын және білім беру ұйымының қызметін регламеттейтін білім беру актілерін орындауға;

2) білім беру ұйымының мүлкін күтіп ұстауға және орынды пайдалануға, оқуда және жатақханада тұру кезінде қолайлы жағдай жасауға қатысуға (егер ұсынылса);

3) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 28 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14881 тіркелген) Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларына сәйкес әскери есепке алу қағидаларын сақтауға;

4) педагогтерге және қызметкерлерге өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауда, сондай-ақ білім беру ұйымдарының білім алушыларына құрмет көрсетуге;

5) білім беру ұйымында болмаған күннен бастап бір апта ішінде жазбаша түрде сабақта болмаған жағдайда білім беру ұйымын хабарлауға;

6) отбасылық мәртебесі және байланыс ақпараты өзгерген жағдайда білім беру ұйымына есеп беруге (тұрғылықты жері, телефон нөмірі, электронды пошта және т.б.);

7) амбулаториялық немесе стационарлық ем қабылдаған жағдайда растайтын құжаттарды табыс ете отырып, білім беру ұйымына хабарлауға міндетті.

**4. Тапсырыс берушінің құқықтары мен міндеттері**

6. Тапсырыс беруші (тапсырыс болған жағдайда):

1) ұсынылатын білім беру қызметтері үшін уақытылы ақы төлеуге міндетті;

7. Тапсырыс беруші (тапсырыс болған жағдайда):

1) осы Шартқа сәйкес білім алушыдан өз міндеттерін және адал тиісті түрде орындауды талап етуге құқылы.

**5. Тараптардың жауапкершіліктері**

8. Осы Келісімде көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны үшін немесе тиесілі орындамағаны үшін тараптар Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

**6. Дауларды шешу тәртібі**

9. Осы Келісімді іске асыру барысында туындайтын келіспеушіліктер мен даулар өзара тиімді шешімдерді әзірлеу мақсатында тараптармен тікелей шешіледі.

10. Тараптардың келіссөздер жолымен шешілмеген мәселелер, өзара тиімді шешімдерді әзірлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

**7. Шарттың әрекет ету мерзімі, талаптарын өзгерту және оны бұзу тәртібі**

11. Осы шарт оған тараптар қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және толық орындалғанға дейін әрекет етеді.

12. Осы шарттың талаптары тараптардың өзара жазбаша келісімдері бойынша өзгеруі және толықтырылуы мүмкін.

13. Осы шарт үш данада жасалады мемлекеттік немесе орыс тілінде бірдей заң күшімен жасалады және әрбір тарапқа бір данадан беріледі.

14. Тараптардың заңды мекен-жайлары мен банктік реквизиттері:

Білім беру ұйымы:

________________________________
(Білім беру ұйымының атауы)
________________________________
________________________________
(заңды мекенжайы)
________________________________
________________________________
(байланыс телефон нөмірі)
Білім беру ұйымының басшысы
________________________________
________________________________
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
Мөр (мемлекеттік ұйымдары үшін),
(жеке ұйымдар үшін – бар болған жағдайда)

Білім алушы (заңды тұлға немесе тапсырыс беруші)
:

________________________________
Білім алушының, заңды өкілінің, тапсырыс берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
________________________________
(туған күні, айы, жылы, ЖСН, жеке куәлігінің №, қай мерзімде және кіммен берілді)
________________________________
(үй мекенжайы, білім алушы немесе заңды тұлғаның байланыс телефоны)
________________________________
(қолы)
________________________________
(Тапсырыс берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
________________________________
(туған күні, айы, жылы, ЖСН, жеке куәлігінің №, қай мерзімде және кіммен берілді)
________________________________
(үй мекенжайы, байланыс телефоны)
________________________________
(қолы)

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2021 жылғы 27 тамыздағы

№ 432 бұйрығына
2 қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 28 қаңтардағы
№ 93 бұйрығына
5-қосымша
Нысаны

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі ұйымдары үшін дуальды оқыту туралы үлгілік шарт**

_____________ қаласы (аудан, ауыл) 20 ____ жылғы "___"_____

______________________________________________________________________________, ______ ______________________________________________________________ негізінде әрекет етуші ( құрылтайшы құжаттардың реквизиттері) атынан, ________________________________________ ________________________________ (білім беру ұйымның атауы) _______________________ ____________________________________________________ бұдан әрі "білім беру ұйымы" деп аталатын _________________________________________________________________________ _ бір жағынан, ____________________________________________________________ ( басшының немесе басқа өкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) ) негізінде әрекет етуші ______________________________________________________________ ______________ ____________________________________________________________________ ______ (құрылтайшы құжаттардың реквизиттері) ________________________________________ _____________________________ атынан, (басшының немесе басқа өкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) бұдан әрі "кәсіпорын (ұйым)" деп аталатын _________________________________________________________________________ _ (кәсіпорынның атауы) _____________________________________________________________ ______________ Жеке төлқұжаттың/туу туралы куәліктің ЖСН____________, ______ жылғы "__"________, ________________ берген, бұдан әрі "білім алушы" аталатын және оның заңды өкілімен (білім алушы кәмелетке толмаған жағдайда) ___________________ _____________________________________________________ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) Жеке төлқұжаттың ЖСН _____________, _____жылғы "__"___________ ___, ___________________ ерген, үшінші жақтан, бірге "Тараптар" деп аталатын осы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін дуальды оқыту туралы осы Шарт жасасты.

1. Дуальды оқыту туралы шарттың мәні

1. Осы дуальды оқыту туралы шарт Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 119 - бабымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13422 тіркелген) бекітілген дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларына және кәсіпорын (ұйымның) жарғысының ______ тармағына сәйкес жасалды.

2. Оқу орны 20___ жылы түскен

_____________________________________________________________________ (мамандықтың коды және атауы) мамандығының ___________________________________ _____________________ (біліктіліктің) ____________________________________________ __________________________

(білім беру бағдарламасының атауы) білім беру бағдарламасы бойынша білім алушының оқуын жүзеге асырады.

3. Кәсіпорын (ұйым) білім алушыны тиісті жұмыс жағдайлары бар білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес өндірістік оқыту және кәсіптік практика үшін жұмыс орнымен қамтамасыз етеді.

4. Білім алушы өндірістік, еңбек функцияларын және тапсырмаларды білікті орындауға мүмкіндік беретін кәсіби құзыреттілікке ие болу үшін білім беру бағдарламаларын меңгереді.

2. Дуальды оқыту туралы шарттың әрекет ету мерзімі

5. Дуальды оқыту туралы шарттың қолданылу мерзімі оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және оқу мерзімі аяқталғанға дейін қолданылады.

Кәсіпорын (ұйым) осы дуальды оқыту туралы, білім алушының кәсіпорын (ұйым) базасында өндірістік оқудан және кәсіптік практикадан өтуі туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Қосымшаны толтырады.

Дуальды оқыту туралы шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негізде бұзылуы мүмкін.

6. Білім алушыны жұмыс орнына қабылдау осы дуальды оқыту туралы шарттың негізінде шығарылатын басшысының бұйрығымен немесе кәсіпорынның (ұйымның) құрылымды бөлімшесінің өкімімен рәсімделеді.

3. Білім алушының құқықтары және міндеттері

7. Білім алушы:

1) қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнына ;

2) кәсіпорында бекітілген жетекшісінің келісімі бойынша қажетті құралдарды, жабдықтарды, аспаптарды және басқа өндірістік материалдарды пайдалану, кітапхана және оқу залдары базасында оқуға оқу-әдістемелік әдебиеттер қорына, зертханалық базасына, оқыту мақсатында компьютерлік және басқа техниканы пайдалануға қол жеткізуі мен пайдалануына;

3) өндірістік оқыту мен кәсіби практиканы өту барысында денсаулығына зақым келген зиянның өтеуіне;

4) белгілі бір мамандық бойынша біліктіліктің тиісті деңгейін тағайындау және белгіленген үлгідегі біліктілікті беру туралы куәлікті (сертификатты) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығымен бекітілген "Білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы мемлекеттік

үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы" ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10348 тіркелген" нысанға сәйкес алуға құқылы.

8. Білім алушы:

1) өндірістік оқыту және кәсіптік практика орнында кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін, ішкі тәртіп қағидаларын, қауіпсіздік техникасы ережелерін және өндірістік тәртіптемесін сақтауға;

2) кәсіпорынның (ұйымдардың) жабдықтарына, аспаптарына, құжаттарына және басқа мүлкіне ұқыпты қарауға;

3) өндірістік оқыту және кәсіптік практика бағдарламасының талаптарын қатаң сақтауға және орындауға;

4) өндірістік оқыту және кәсіби практикадан өту үшін белгіленген мерзімде кәсіпорынның қарауына келуге;

5) өндірістік оқыту және кәсіптік практикадан өту барысында және аяқтаған соң кәсіпорын туралы құпия ақпаратты жария етпеуге;

6) өндірістік оқытуды және кәсіптік практиканы өту туралы күнделік жүргізуге, тәлімгерге немесе практика жетекшісіне орындаған жұмыс туралы есеп беруге;

7) кәсіпорынға (ұйымға), оқу орнындағы сабаққа хабарлау келмеген жағдайда бұл туралы кәсіпорынға (ұйымға), оқу орнынға себебін айтып және ауру немесе жазатайым оқиға болған жағдайда, 3 күн ішінде тиісті медициналық анақтаманы жіберуге;

8) өндірістік оқыту мен кәсіптік практика басталғанға дейін кәсіпорын (ұйым) ұйымдастыратын кіріспе және өндірістік нұсқаулықтан өтуге;

9) оқу процесінің кестесіне сәйкес өндірістік оқудан және кәсіби практикадан уақтылы өтуге міндетті.

4. Кәсіпорынның (ұйымның) құқықтары және міндеттемелері

9. Кәсіпорын:

1) жаңа технологияларға және өндірістік процестің өзгерген жағдайларына сәйкес күнтізбелік кестелерді және білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысуға;

2) кәсіпорынның қажеттеліктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын ұсынуға;

3) білім алушылардың қорытынды аттестаттауына қатысуға;

4) білім алушылардың ағымдағы үлгерімі туралы ақпарат сұрастыруға құқылы.

10. Кәсіпорын:

1) тәлімгерді бекітуге – өндірістік оқытуды және кәсіптік практикаға басшылық ететін өндіріс және қызмет көрсету саласындағы технологияларды меңгерген өндірістің (ұйымның) білікті маманы.

2) оқу орнымен бірге білім беру бағдарламасын, мамандық бойынша жұмыстың оқу жоспарын, оқу процесінің жылдық күнтізбелік кесте, дуальды білім беру шеңберінде білім беру процесін қамтамасыз ету бойынша іс-шара жоспарын әзірлеу және келісу;

3) білім алушына дуальды оқытудан өту барысында, құпия және заңмен қорғалатын ақпаратты қоспағанда, арнайы киіммен (формамен), оқыту құралдарымен, қолданыстағы нормативтерге сәйкес шығыс материалдарымен, практикалық материалдар мен процеске қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

4) білім алушыға жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайын (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалықты өткізу арқылы) қамтамасыз ету және қажетті жағдайда білім алушыны еңбек қауіпсіздігінің әдістеріне оқытуды жүргізуге;

5) оқу үдерісінің тізбесіне және (немесе) күнтізбелік кестеге, білім беру бағдарламаларына сәйкес өндірістік оқытуды және кәсіптік практика өткізу үшін жұмыс орындарын ұсынуға;

6) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың бағдарламасында қарастырылмаған және білім алушының мамандығына қатысы жоқ лауазымдарда білім алушыны пайдалануға жол бермеуге;

7) білім алушының еңбек тәртібін және кәсіпорынның (ұйымның) ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны бойынша барлық оқиғалар туралы білім беру ұйымын хабардар етуге;

8) білім алушының жеке тапсырмаларды орындауы үшін қажетті зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапханаларды, сызбаларды, техникалық және басқа құжаттарды пайдалануға мүмкіндік беруге;

9) өндірістік оқыту және кәсіби практика аяқталған соң білім алушының жұмысы туралы мінездеме беру және дуальды оқытуды өту сапасын бағалауға;

10) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне және шарттың талаптарына сәйкес білім алушыға өтемақы төлемін қамтамасыз етуді қарастыруға;

11) тиісті бос орын болған жағдайда, оқыған мамандығына (біліктілік) сәйкес жұмысқа қабылдау үшін мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алған түлектің кандидатурасын қарауға;

12) өндірістік оқыту мен кәсіптік практика басталғанға дейін білім алушыға кіріспе және (немесе) өндірістік нұсқама өткізуге;

13) осы дуальды оқыту туралы шартқа қосымшаға сәйкес білім алушылардың кәсіпорын (ұйым) базасында өндірістік оқудан және кәсіптік практикадан өтуін растауға міндетті.

11. Тәлімгер:

1) білім алушыны практикалық тәсілдерге және лауазымдық міндеттер мен тапсырмаларды сапалы орындау әдістеріне оқытуға;

2) кәсіпорынмен (ұйыммен) келісілген жұмыс оқу жоспарына сәйкес білім алушыны оқытуды жүзеге асыруға;

3) білім алушыға берілген тапсырмалардың орындалуына бақылауға;

4) білім алушыларға жіберілген қателіктерді анықтауға және бірлесіп жоюға, орын алған кемшіліктерді жоюға көмек көрсетуге;

5) білім алушының бойында өзінің кәсіби міндеттерін орындауға жауапты қарауға, сондай-ақ жұмыстағы әріптестеріне дұрыс қарым-қатынасты қалыптастыруға;

6) білім алушыдан өндірістік қызметпен байланысты мәселелер бойынша тапсырмаларды орындауын талап ету;

7) білім алушыдан ауызша және жазбаша нысанда жұмыс есептерін талап етуге;

8) білім алушыға жұмысшы разрядын беру және оның кәсіби мінездемесін талқылауға қатысу туралы ұсыныс енгізуге;

9) білім алушыға пікір жазуға;

10) осы дуальды оқыту туралы шартқа қосымшаға сәйкес білім алушылардың кәсіпорын (ұйым) базасында өндірістік оқудан және кәсіптік практикадан өтуін растауға міндетті.

5. Білім беру ұйымының құқықтары және міндеттемелері:

12. Оқу орны осы Келісімге, білім беру ұйымының жарғысына, білім беру ұйымының ішкі тәртіп қағидаларына және білім беру ұйымы қызметін реттейтін білім беру актілеріне сәйкес білім алушыдан адал және тиісті міндеттерді орындауын талап етуге құқылы.

13. Оқу орны өзіне мынадай міндеттемелер алады:

1) оқу процесінің тізбесіне сәйкес өндірістік оқыту және кәсіптік практикадан өту үшін білім алушыны кәсіпорынға (ұйымға) жіберуге;

2) білім алушыны осы дуальды оқыту туралы шартта белгіленген міндеттер мен жауапкершілікпен таныстыруға;

3) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың оқу жұмыс жоспарын өтудің білім беру бағдарламасын және күнтібелік кестесін кәсіпорынның мен өкілімен бірге әзірлеуге және келісуге;

4) оқу орнының тиісті мамандықтары бойынша өндірістік оқыту шеберлері немесе оқытушылар арасынан оқу орны басшысының бұйрығымен өндірістік оқыту және кәсіптік практика жетекшілерін тағайындауға;

5) білім алушылардың осы кәсіпорынның (ұйымның) қызметкерлері үшін міндетті еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін сақтауына ықпал етуге;

6) білім беру бағдарламасы мен оқу процессінің тізбесіне сәйкес білім алушының өндірістік оқыту, кәсіптік практикадан өтуін ұйымдастыру және мерзімді бақылауға;

7) кәсіпорынның қызметкерлеріне білім алушылардың өндірістік оқыту мен кәсіптік практикасын ұйымдастыруға және өткізуге әдістемелік көмек көрсетуге;

8) қажеттілік туындаған кезде кәсіпорынға білім алушының оқу жетістіктері туралы мәліметтер беруге;

9) жазатайым оқиғаларды, егер өндірістік оқыту және кәсіптік практикадан өту барысында білім алушының қатысуымен болған жағдайда тергеуге қатысу;

10) өндірістік оқытуды және кәсіптік практиканы ұйымдастыру бойынша көрсетілген қызметтер үшін тәлімгерге ақы төлеуді жүргізу міндетті.

6. Өтемақы төлемдерін төлеу

14. Білім алушыға өтемақы төлемін кәсіпорын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес өндірістік оқыту және кәсіптік практика кезеңі үшін жүзеге асырады.

15. Өтемақы төлеу көлемі кәсіпорынның (ұйымның) ұйғаруы бойынша белгіленеді.

7. Еңбекті қорғау

16. Кәсіпорын (ұйым) оқушыны қауіпсіз жұмыс жағдайымен қамтамасыз етеді.

17. Кәсіпорын (ұйым) оқыту, нұсқау, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімін тексереді, сондай-ақ жан басына шаққандағы қаржыландыру шеңберінде меншікті және тартылған қаражат есебінен өндірістік оқыту мен кәсіби тәжірибені қауіпсіз жүргізу бойынша материалдармен қамтамасыз етеді.

18. Білім алушы қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды орындауға міндетті.

8. Тараптардың жауапкершілігі

19. Тараптарға осы Келісімде қарастырылған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауаптылық жүктеледі.

9. Дауларды шешудің тәртібі

20. Осы шартты орындау процесінде туындаған даулар мен келіспеушіліктерді өзара тиімді шешу мақсатында тараптар тікелей өздері қарастырады.

21. Келіссөз, өзара тиімді шешім жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

10. Шарттың әрекет ету мерзімі, талаптарын өзгерту және оны бұзу тәртібі

22. Осы Шарттың ережелері тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша толықтырып өзгертілуі мүмкін.

23. Осы шарт мемлекеттік немесе орыс тілінде бірдей заң күшімен үш данада жасалады, бір данадан әрбір тарапқа беріледі.

24. Тараптардың заңды мекенжайлары және банктік реквизиттері:

| Білім беру ұйымы: | Білім алушы: | Кәсіпорын (ұйым): |
|---|---|---|
| | ________________________ (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) | |
| ________________________ (білім беру ұйымның атауы) ________________________ | ________________________ (Туған күні, ЖСН; куәлік №, қашан және кіммен берілді) ________________________ | ________________________ (Кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның және тағы басқа) ________________________ |

________________________

(заңды мекен-жайы)

________________________

________________________

(байланыс телефонының нөмірі)

Білім беру ұйымның басшысы

________________________

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы)

Мөр (мемлекеттік мекемелер үшін), (жеке меншік мекемелерде - болған жағдайда)

(Тұрғылықты мекен-жайы, т е л е ф о н )

________________________

(қолы) Заңды өкілі (ата-анасы)

____________________

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

________________________

(Туған күні, ЖСН; куәлік №, қашан және кіммен берілді)

________________________

(Тұрғылықты мекен-жай, т е л е ф о н )

________________________

(қолы)

________________________

(заңды мекен-жайы)

________________________

________________________

(байланыс телефонының нөмірі)

Б а с ш ы

________________________

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы)

Мөр (мемлекеттік мекемелер үшін), (жеке меншік мекемелерде –болған жағдайда)

Техникалық және кәсіптік орта
білімнен кейінгі білім беру
ұйымдары үшін дуальды оқыту
туралы шартқа
Қосымша

№ ________________________
(күні, айы, жылы)

__________________________
(кәсіпорынның (ұйымның) атауы)

___________________________________________________________ білім алушы (
Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) ___________________________________
__________________________________ (оқу орнының атауы) _____ курс _____________
_____________________________________ бойынша(мамандық және біліктілік атауы) базасында өндірістік оқудан және кәсіби практикадан өтті _________________________
____________________________________________ (кәсіпорынның немесе ұйымның атауы)бойынша _________________________________________________________ (
өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың басталу және аяқталу күні, айы, жылы практиканың әрбір кезеңіне толтырылады)

және функционалдық міндеттерін атқарды _____________________________ ____
_________________________________________________________________ (лауазым атауы)

Келісілді:Тәлімгер ________________________________________________ ______
____ (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) (қолы)

Кәсіпорын (ұйым) басшысы ________________________________ __________ (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) (қолы)

Білім беру ұйымының басшысы ____________________________ __________ (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) (қолы)

Білім алушы _____________________________________________ __________ (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) (қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК